

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 22 желтоқсандағы N 528
Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 7 наурыздағы N 298 Жарлығы

ҚАУЛЫ ЕТЕМИН:

1. "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 22 желтоқсандағы N 528 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2000 ж., N 55, 599-құжат; 2006 ж., N 43, 472-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президенті
Қорының Жарғысында:

Жарғысында:

1 8 - т а р м а к т а :

төртінші абзаңтағы "қалыптастыру" деген сөз "қалыптастыру тәртібін айқындау" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"заңнамалық актілермен белгіленген шектерде Қордың өзге занды тұлғаларды, сондай-ақ өз филиалдары мен өкілеттіктерін құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау.";

21-28-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Қорды басқарудың тұрақты қызмет ететін алқалық органы төрағаны қоса алғанда, тоғыз адамнан тұратын Қордың Қамқоршылық кеңесі болып табылады.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің 1с басқарушысы болып табылады.

Қамқоршылық кеңесінің құрамын оның тәрағасы қалыптастырады және
Кұралтай бекітеді.

22. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің көпшілігі некеде тұратын және жақын туыс адамдар, сондай-ақ Қордың штаттағы қызметкері бола алмайды.

23. Қамқоршылық кеңестің ерекше құзырына:

Кор қызметінің оның жарғылық мақсаттарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;

атқарушы директорды тағайындау;

Кордың ұйымдық қызмет ету мәселелерін шешу және тиісті құжаттарды бекіту
ж а т а д ы .

Қамқоршылық кеңес өз қарауына Құрылтайшының құзырына жататын мәселелерден өзге Қордың қызметіне байланысты кез келген мәселелерді қабылдауға
Қ Ұ Қ ы լ ы .

24. Қамқоршылық кеңестің отырысы қажеттілігіне қарай өткізіледі және мүшелерінің көпшілігі қатысқан жағдайда құқылы болып табылады.

Қамқоршылық кеңестің шешімдері отырысқа қатысқан мүшелері санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Дауыстар тең бөлінген жағдайда Қамқоршылық кеңес төрағасының даусы шешуші болып табылады.

25. Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасына Қамқоршылық кеңестің төрағасы және Қамқоршылық кеңес отырысының хатшысы қол қояды.

26. Құрылтайшы тағайындастын директор Қордың жоғарғы лауазымды тұлғасы болып табылады.

Д и р е к т о р :

Қордың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

Қорқыншылықтың негізгі бағыттарын айқындайды;

Қазақстан Республикасының Парламентімен, Қазақстан Республикасының
Үкіметімен, саяси партиялармен, өзге де қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынаста
Кордың мұдделерін білдіреді.

27. Қордың жеке-дара атқаруышы органы Қамқоршылық кеңестің төрағасы тағайындастын атқаруышы директор болып табылады.

28. Атқарушы директор:

Құрылтайшының, Қамқоршылық кеңестің және директордың шешімдері негізінде және оларды орындау мақсатында әрекет етеді және оларға есеп береді;

Көрдүң қызметін ұйымдастырады және оның нәтижесі бойынша Құрылтайшы мен
Қамқоршылық кеңес алдында жауап береді;

Кор қызметкерлерінің қызметтік міндеттерінің шеңберін белгілейді;

Қамқоршылық кеңестің шешімдеріне сәйкес Қордың қаражатына және өзге де
мұлкіне иелік етеді;

Қордың қызметкерлерін қызметке қабылдайды және қызметінен босатады, олардың арасында міндеттерді бөледі;

Қордың барлық қызметкерлері орындауға міндепті бұйрықтар шығарады және
нұсқалар береді;

Кордың атынан сенімхатсыз әрекет етеді, оның мүддесін Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдарда, өзге де мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда және шет елдерде білдіреді;

Қордың атынан мәмілелер жасасады, сotta сөз сөйлейді, сенімхаттар береді, Қорқызыметінің мәселелері бойынша өзге де функцияларды орындайды;

Құрылтайшының, Қамқоршылық кеңестің, директордың тапсырмасы бойынша өзге де өкілдегілерді жүзеге асырады.";

31 және 32-тармақтардағы "Атқарушы комитеттің" деген сөздер "Қамқоршылық кеңестің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК